

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 30 қарашасы

KASE валюталық нарықта ASTS+ сауда-клирингтік жүйесін эксплуатацияға енгізді

2020 жылдың 30 қарашасынан бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа), "Московская Биржа" КАҚ (MOEX) СКЖ негізінде әзірленген, валюталық нарықта ASTS+ сауда-клирингтік жүйесін (СКЖ) эксплуатацияға енгізді.

Валюталық нарықта жаңа СКЖ енгізу 2018 жылдың 10 қазанындағы MOEX-пен стратегиялық серіктестік туралы Келісімін іске асыру аясында жүзеге асырылды.

Аталмыш күннен бастап валюталық нарықтың барлық 38 қаржы құралдарының, соның ішінде есептесу сызбасы T+0, T+1 және T+2 бес валюталық жұптардың (USDKZT, RUBKZT, CNYKZT, EURKZT, EURUSD) сауда-саттықтары, есептесуі теңгемен АҚШ долларына, Ресей рубліне, Қытай юаніне, еуроға және доллардың теңгеге бағамына жеткізілімді фьючерске қатысты операциялар ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде өткізілетін болады.

Жаңа сауда-клирингтік жүйесінде, KASE шетел валюталарының сауда-саттықтары кезінде қолданылған, сауда-саттықтардың барлық тәртіптемелері қолжетімді болады.

Сонымен қатар, биржадан тыс нарықтың аналогы болып табылатын, валюта нарығында келіссөздер жүргізу тәртіптемесі ашық. Валюта нарығындағы орталық контрагент (ОК) ретіндегі KASE тәуекелдерді басқару жүйесі және бірыңғай неттинг әр түрлі тәртіптемеде жасалған мәмілелерге қатысты қолданылады.

ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде KASE валюта нарығында сауда-саттыққа шығаруға болатын туынды қаржы құралдарының ауқымы кеңейтілді және осы құралдардың тәуекелдерді басқару жүйесі едәуір жетілдірілді.

"Ұзын" валюталық своптан басқа, АҚШ долларына жеткізілімді фьючерстердің құралдары да қолжетімді болды.

Жаңа сауда-клиринг жүйесін енгізу Биржаның сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде және валюта нарығында ОК қызметін жақсартуға көмектеседі. Бұл нақты уақыт тәртіптемесінде бірнеше қаржы құралдарымен және әртүрлі ережелер бойынша – әр түрлі валютада ОК-мен және онсыз қатар сауда-саттықтар жүргізуге мүмкіндік беретінін айта кеткіміз келеді. Жаңа платформа сонымен қатар сауда-саттық әдістері мен ережелерінің кең спектрін қолдайды және көптеген пайдаланушыларға қосылуды қамтамасыз етеді.

"MOEX командасымен екі жыл бойы үздіксіз және жемісті жұмыс істеу үшін және біздің клиенттердің, реттеушілер мен серіктестердің қолдауымен біз KASE қор, ақша және валюта нарықтарында ASTS + енгізе алдық. Пандемияның әсері бұл жобаны жүзеге асыруға кедергі болмады. Біздің келесі мақсатымыз – деривативтер нарығын 2021 жылы жаңа TCS Spectra СКЖ көшіру. Мен Биржаның АТ жүйелерін жетілдіру және орталық контрагенттің қызметтерін енгізу арқылы біз өз нарықтарымызға жаңа қатысушылар тартуға және соның нәтижесінде Қазақстандағы қор нарығының өтімділігін арттыруға ұмтылатынымызды қосып айта кеткіміз келеді", – деді өз сөзінде Алина Алдамберген, KASE Басқармасының Төрайымы.

Алексей Хавин, Халықаралық ынтымақтастық және жаһандық нарықтар жөніндегі басқарушы директор, Мәскеу биржасының басқарма мүшесі өз сөзінде былай деді: "Биржалық валюта нарығы елдің қаржы нарығының негізі болып табылады және мемлекеттің ақша-несие саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Мәскеу биржасының KASE-нің заманауи сауда-

клиринглік технологияларына көшуі, көптеген ондаған миллиард долларлық операциялардың орташа тәуліктік көлемін өңдеуге қабілетті, әр түрлі санаттағы клиенттерге арналған құралдарды қолдана отырып, Қазақстандағы валюта нарығын дамытудың жаңа кезеңіне қадам басуға мүмкіндік береді. Жаңартылған технологиялар биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың жаңа санаттарын, соның ішінде брокерлерді, корпорацияларды және жеке инвесторларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстандағы валюта нарығының өтімділігін арттырады, оны теңдестірілген және тұрақты етеді".

2019 жылдың 3 желтоқсанында қор нарығының СКЖ алғашқы шығарылымы енгізіле отырып, ОК-пен акциялармен, үлеспұлдармен, теңгемен есеп айырысатын ETF және АҚШ долларымен есеп айырысатын еурооблигациялар мен ЖДҚ-мен сауда-саттық басталды. 2020 жылдың 3 тамызында KASE қор нарығының СКЖ екінші шығарылымын ұсынды, бұл Биржаға қор нарығының барлық қаржы құралдары үшін, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар, корпоративтік облигациялар, сондай-ақ ақша нарығының құралдары – репо операциялары үшін ОК функцияларын орындауға мүмкіндік берді. Бағалы қағаздармен сауда-саттық гросс-негізіндегі есеп айырысулармен ОК-сыз сату-сатып алу мәмілелерін жасау бөлігінде жаңа сауда-клиринглік жүйеге ауыстырылды.

ASTS+ СКЖ-нің ерекшеліктері – бұл 99,99%-да АТ жүйелерінің жоғары сенімділігі, жылдамдығы секундына 30 мың транзакцияның өңдеу жылдамдығымен және әр түрлі қаржы нарығы құралдарына арналған көптеген әдістер мен сауда-саттық ережелерін қолдайтын функционалдылық.

Биржада СКЖ бірінші шығарылымын қор нарығында іске қосқан уақыттан бастап 2020 жылдың 25 қарашасына дейін ASTS+ жүйесіндегі сауда-саттық көлемі 28,5 трлн теңгеден асып, ал мәмілелер саны 225 мыңға жетті.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру бойынша алтыншы орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, ақша нарығындағы операциялар – репо және своп, сонымен қатар туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы, замани технологияларға ие және халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің барлық спектрін ұсынады.

KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтардың мүшесі, сондай-ақ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" БҰҰ Бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін ашық инвестициялық ортаны қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның экономикалық өсуіне белсенді үлес қосады

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.